

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Дарбаза қыстағындағы жер учаскелері мен әскери қалашықты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 сәуір N 366

Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығындағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы бітімгершілік батальоны бөлімшелерінің жауынгерлік даярлығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазармалар орналасқан 0,6 га жер учаскесін қоспағанда, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Дарбаза поселкесі ауданындағы бұрын Өзбек КСР Ішкі істер министрлігінің 7476 әскери бөліміне берілген, алаңы 252.82 га жер учаскесі қайтып алынсын және жерді пайдалану құқығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 32039 әскери бөліміне берілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы Дарбаза поселкесінің ауданындағы алаңы 2000 га жер учаскесін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 32039 әскери бөліміне берісін.

3. Қазармаларды қоспағанда, әскери қалашықтың мүлкі жедел басқару құқығында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне берілсін.

Бұрын Өзбек КСР-нің Ішкі істер министрлігі 7476 әскери бөлімінің

пайдалануында болған қазармалар Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданы әкімінің коммуналдық меншігіне берілсін.

4. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 15 шілдедегі N 1145 өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкімге қосымшадағы реттік нөмірі 1-жолдар алынып тасталсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК